

"Мемлекеттік қызметші емес су жолдары ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 8 тамыздағы № 275-І бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 439 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 22 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6590 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 827 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.10.2013 № 827 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік қызметші емес су жолдары ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті «Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 8 тамыздағы № 275-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1959 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Мемлекеттік қызметші емес су жолдары ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті «Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Мемлекеттік қызметші емес су жолдары ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті «Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу

ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Ереже мемлекеттік қызметші емес су жолдары ұйымдарының және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті «Кеме қатынасының тіркелімі» мемлекеттік мекемесінің жұмыскерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтілін (бұдан әрі – жұмыс өтілі

) есептеу тәртібін анықтайды.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартының жасалуы және тоқтатылуы негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) қызметкерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған не нотариат растаған қызмет ету тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

6) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат болып табылады.».

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаменті (Б.Е. Қазбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келіссін және мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысына (Ж.М. Қасымбек) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Г. Н. Әбдіқалықова -----

2010 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ